



«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

**Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары
Жеке аралық қысқартылған қаржылық есептілік
(аудит жүргізілмеген)**

31 наурыз 2017 ж.

Мазмұны

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы жеке есеп	1
Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы жеке есеп.....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп.....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп	4

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ:

1	Компания және оның операциялық қызметі.....	5
2	Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері	5
3.	Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер.....	6
4.	Байланысты тараптармен есеп айырысу және операциялар.....	6
5.	Негізгі құралдар.....	8
6.	Материалдық емес активтер	9
7.	Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар	10
7	Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы).....	11
8.	Берілген заемдар мен қаржылық көмек	11
9.	Басқа ұзақ мерзімді активтер	11
10.	Басқа қысқа мерзімді активтер.....	11
10	Басқа қысқа мерзімді активтер (жалғасы)	12
11.	Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері.....	12
12	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	12
13	Акционерлік капитал	13
14	Алынған заемдар	13
14	Алынған заемдар (жалғасы).....	14
14	Алынған заемдар (жалғасы).....	15
15	Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер.....	15
16	Қаржы кепілдері.....	15
17	Әкімшілік шығыстар	15
18.	Қаржыландыру бойынша табыстар	16
19.	Қаржыландыру бойынша шығыстар	16
20	Табыс салығы.....	16
21.	Қаржылық құралдардың әділ құны.....	16
21.	Қаржылық құралдардың әділ құны (жалғасы)	17
22	Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар	17

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы жеке аралық қысқартылған есептілік

Қазақстан төңгәсімен, мың	Ескерт пе	2017 ж. 31 наурыз	2016 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	606,920	620,644
Материалдық емес активтер	6	1,049,243	1,014,924
Еншілес компаниялар мен тәуелді ұйымдарға салынған инвестициялар	7	534,704,153	533,424,495
Берілген заемдар мен қаржылық көмек	8	31,111,175	35,712,236
Өзге ұзақ мерзімді активтер	9	3,560,691	3,516,718
Барлық ұзақ мерзімді активтер		571,032,182	574,289,017
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		15,387	22,397
Берілген заемдар мен қаржылық көмек	8	17,478,413	14,511,037
Өзге қысқа мерзімді активтер	10	27,311,703	31,300,110
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	11	7,293,944	4,812,476
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	12	31,227,512	31,182,280
Барлық қысқа мерзімді активтер		83,326,959	81,828,300
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		654,359,141	656,117,317
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	13	373,314,888	373,314,888
Өзге резервтік капитал		91,668,501	91,668,501
Жабылмаған залал		(45,195,778)	(49,725,062)
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		419,787,611	415,258,327
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Заемдар	14	68,347,042	66,434,655
Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдік	16	1,422,378	1,432,273
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		69,769,420	67,866,928
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Заемдар	14	162,442,525	170,832,678
Өзге кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер	15	1,114,618	907,798
Акционер алдындағы міндеттеме		1,174,065	1,174,065
Өзге теленетін салықтар		70,902	77,521
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		164,802,110	172,992,062
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		234,571,530	240,858,990
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		654,359,141	656,117,317

Басшылық атынан 2017 жылғы 30 сәуірде қол қойылды.

Қайрат Беріқұлы Мақсұтов
 Экономика және қаржы жөніндегі
 басқарушы директор



Сәуле Бекзадақызы Телекова
 «Қаржы және салық есебі» департаментінің
 директоры – Бас бухгалтер

«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы жеке есеп

<i>(i) Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ескертп е	2017 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2016 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
Дивидендтер бойынша табыстар		1,508,334	1,380,231
Өзге табыстар		2,485	566
Жалпы және өкімшілік шығындар	17	(1,368,979)	(1,233,538)
Негізгі қызметтен алынатын пайда		141,840	147,259
Қаржылық табыстар	18	1,310,754	4,500,898
Қаржылық шығындар	19	(4,825,250)	(6,330,086)
Бағам айырмашылығынан түскен пайда/(залал), таза		7,938,353	(1,022,177)
Салық салғанға дейінгі (залал) /пайда /		(4,565,697)	(2,704,106)
Табыс салығы бойынша шығын	20	(36,413)	(74,969)
Кезең ішіндегі (залал) /пайда		4,529,284	(2,779,075)
Кезең ішіндегі барлық жиынтық (залал)/пайда		4,529,284	(2,779,075)

Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ескерт пе	Акционерлік капитал	Өзге резервтік капитал	Үлестірілмеген пайда/ Жабылмаған залал	Барлық капитал
2016 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық		355,650,405	91,668,501	(39,940,758)	407,378,148
Кезең ішіндегі пайда				(7,743,304)	(7,743,304)
Кезең ішіндегі барлық жиынтық табыс				(7,743,304)	(7,743,304)
Акционерлік капиталдың ұлғаюы Дивидендтер төлеу		17,664,483		(2,041,000)	17,664,483 (2,041,000)
2016 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық		373,314,888	91,668,501	(49,725,062)	415,258,327
2017 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық		373,314,888	91,668,501	(49,725,062)	415,258,327
Кезең ішіндегі пайда (залал)		-	-	4,529,284	4,529,284
Кезең ішіндегі барлық жиынтық залал		-	-	4,529,284	4,529,284
2017 жылдың 31 наурызындағы қалдық		373,314,888	91,668,501	(45,195,778)	419,787,611

Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп

	Ескертп е	2017 ж. 31 наурызында аяқталған 3 ай	2016 ж. 31 наурызында аяқталған 3 ай
<i>(ii) Қазақстан теңгесімен, мың</i>			
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Ақша қаражатының түсімі, барлығы		1,403,219	1,005,321
Алынған сыйақылар		977,234	947,717
Өзге түсімдер		425,985	57,604
Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы		(1,984,693)	(2,039,349)
Өнім берушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер		(340,074)	(297,262)
Берілген аванстар		(88,909)	(205,063)
Жалақы бойынша төлемдер		(384,561)	(407,931)
Алынған заемдар бойынша сыйақы төлеу		(595,786)	(905,523)
Корпоративтік табыс салығы		(36,414)	(1)
Бюджетке төленетін басқа төлемдер		(50,543)	(94,788)
Өзге төлемдер		(488,406)	(128,781)
Операциялық қызметте қолданылған таза ақшалай қаражат		(581,474)	(1,034,028)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Ақша қаражатының түсімі, барлығы		3,946,534	10,945,493
Алынған дивидендтер		3,066,534	1,094,444
Қауымдастырылған ұйымдардағы қатысу үлестерін сатудан түскен түсімдер		-	2,194,110
Банктік салымдардың қайтарымы		790,000	4,019,201
Берілген заемдарды өтеу		90,000	152,998
Эмитенттердің қарыз құралдарын өтеуден түскен түсімі		-	3,484,740
Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы		(1,269,525)	(5,999,446)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(28,696)	(101,178)
Еншілес компанияларға берілген заемдар мен қаржылық көмек		(48,000)	(844,648)
Еншілес компаниялардың жарғылық капиталына салынған салым		(1,192,829)	(244,382)
Қауымдастырылған ұйымдардағы қатысу үлесін сатып алу		-	1,158,330
Банктік салымдарды орналастыру,		-	(3,650,908)
Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаты		2,677,009	4,946,047
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Ақша қаражатының түсімі, барлығы		3,402,000	-
Банктік заемдарды алу		3,402,000	-
Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы		(2,702,543)	(10,584,244)
Самұрық-Қазына заемдарын өтеу		(2,381,109)	(2,381,109)
Банктер мен басқа ұйымдардың заемдарын өтеу		-	(8,200,000)
Акционерлерге дивидендтер төлеу		-	(3,135)
Өзге төлемдер		(321,434)	-
Қаржы қызметінен пайдаланылған таза ақша қаражаты		699,457	(10,584,244)
Валютаның айырбас бағамы өзгеруінің ақша қаражаты мен оның эквиваленттеріне әсері		(313,524)	361,931
Ақша қаражаты мен оның эквиваленттерінің таза (азаюы)/ұлғабы		2,481,468	(6,310,294)
Жылдың басындағы ақша қаражаты мен оның эквиваленттері		4,812,476	6,635,292
Кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты мен оның эквиваленттері		7,293,944	324,998

2017 жылғы 31 наурыздағы және осы күні аяқталған 3 айдағы жеке аралық қысқартылған есептілікке ескертпе

1 Компания және оның операциялық қызметі

«Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі - «Компания») 2007 жылдың 18 сәуірінде құрылып, 2007 жылдың 10 мамырында тіркелді. Компания Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылды.

Компанияның жалғыз акционері Компанияның 100% пайыз акциясын иеленетін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына») болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы иесі болып табылады.

Негізгі қызметі

Компания қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек және су ресурстары негізінде электр-, жылу энергиясын, ыстық су өндіруді және оны халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау мен желідегі электр энергиясын техникалық тарату, су және жылу электр станцияларын салу, сонымен қатар су электр станцияларының мүліктік кешендерін жалға алуды жүзеге асыратын бірнеше компанияларды біріктіретін холдингтік компания (бұдан әрі - Компания) болып табылады (6-ескертпе).

Қызмет жүзеге асырылатын мекенжай мен орын

Компанияның мекен-жайы және қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы. Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері

2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған осы жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілік әділ құн бойынша қаржы құралдардарын алғашқы тану кезінде алғашқы құнына қарай түзетулерді бағалау қағидатына сүйене отырып, «Аралық қаржылық есептілік» ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес дайындалды. Осы жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілікпен Компанияның 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, ХҚЕС-ке сәйкес әзірленген жылдық жеке қаржылық есептілігімен бірге танысуға болады. Осы жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындау барысында пайдаланылған есеп саясатының қағидаттары алдыңғы жеке қаржылық есептілікте қолданылған есепке алу саясатының қағидаттарына сәйкес келеді.

Компания, сонымен қатар, Компанияға қатысты 34 «Аралық қаржылық есептілік» ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындады. Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікте дауыс беретін акциялардың жартысынан көбі Компанияға тура немесе жанама тиесілі немесе Компания басқаша түрде олардың қаржылық және операциялық саясатын бақылай алатын, компания деп анықталған еншілес компаниялардың операциялары толығымен шоғырландырылған. Компанияның жеке және шоғырландырылған қаржылық есебін мына мекен-жайда орналасқан Компанияның офисінен алуға болады: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы 15А.

Пайдаланушыларды осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікпен таныстыру қаржылық жағдайы туралы толық ақпарат алу мақсатында 2017 жылдың 31 наурызында аяқталған кезең ішіндегі жағдай бойынша қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікпен бірге жүргізілуі тиіс.

Айырбас бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында белгіленген валюта айырбастаудың орташа өлшемді бағасы Қазақстан Республикасындағы валюта айырбастаудың ресми бағамы ретінде қолданылады.

2017 жылдың 31 наурызында АҚШ долларымен көрсетілген қалдықтарды ауыстыру үшін қолданылған айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 313,73 теңгені құрады (2016ж. 31 желтоқсанында: 1 АҚШ долларына 333.29 теңге).

Жаңа стандарттар мен түсіндірмелер

Жаңа және өзгертілген стандарттар мен түсіндірмелер олар күшіне енген күннен кейін шығарылған бірінші аралық қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданылуы тиіс. Осы аралық кезеңде алғаш рет қолданылған жаңа ХҚЕС немесе түсіндірмелер арасында Компанияға, оның қаржылық есептілігін және операциялар мен қалдықтарды бағалау көрсеткіштерін ұсынуға елеулі әсерін тигізе алатындайлары жоқ.

Бірқатар жаңа стандарттар, стандарттар мен түсіндірмелерге қатысты өзгерістер 2017 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша күшіне енген жоқ. Аталған өзгертілген стандарттардың талаптары осы жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілікте ескерілген жоқ. Компания аталған стандарттарды олар күшіне енген сәттен бастап қолдануды жоспарлап отыр. Қазіргі сәтте Компания аталған стандарттардың қаржылық есептілікке тигізуі мүмкін әсеріне жасалып жатқан талдауды аяқтаған жоқ.

2017 жылғы 31 наурыздағы және осы күні аяқталған 3 айдағы жеке аралық қысқартылған есептілікке ескертпе

3. Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер

При подготовке отдельной сокращенной промежуточной финансовой отчетности Компания использует оценки и делает допущения, которые оказывают влияние на применяемые учетные политики и отражаемые в отчетности активы и обязательства, доходы и расходы. Фактические результаты могут отличаться от этих оценок. Примененные ключевые учетные оценки и профессиональные суждения соответствуют тем учетным оценкам и профессиональным суждениям, примененным в ходе подготовки годовой отдельной финансовой отчетности за год, закончившийся 31 декабря 2016 года.

4. Байланысты тараптармен есеп айырысу және операциялар

Байланысты тараптарға анықтама 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» ХҚЕС-те келтіріледі. Байланысты тараптар деп әдетте, егер олардың біреуінде екіншісін бақылай алатын, жалпы бақылауда болатын немесе елеулі әсер ете алатын немесе екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдеріне бірге бақылау жасай алатын мүмкіндік болатын тараптар есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма, жоқ па, деген сұрақтарды шешуде тараптардың заңды нысаны ғана емес, олардың өзара қарым-қатынас сипаттары да ескеріледі. Аналық компания мен Компанияның түпкілікті бақылаушы тарапы 1-ескертпеде егжей-тегжейлі жазылған.

Байланысты компанияларға Самұрқ-Қазынаның бақылауындағы компаниялар жатады. Мемлекеттік компаниялармен жүргізілетін операциялар барлық қоғамдық және жеке компанияларға жүйелі түрде қолданылатын талаптарға сәйкес, әдеттегі қызмет барысында жүзеге асырылса, i) олар жеке маңызды болып табылмаса; ii) Компанияның қызметі барлық тұтынушыларға қолжетімді болатын стандартта ұсынылса, немесе iii) электр энергиясын беру, телекоммуникациялық қызметтер және т.б. сияқты қызметтерді жеткізушілерге таңдау болмаса, анық ашылмайды.

Компания сол байланысты тараптармен операция жүргізген немесе 2017ж. 31 наурызда және 2016 жылдың 31 желтоқсанына есеп айырысу шоттары бойынша қалдығы болған жағдайдағы олардың өзара қарам-қатынасының сипаты төменде көрсетілген.

Төменде 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша тараптармен байланысты операцияларға қатысты өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

Қазақстан теңгесімен, мың	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және тәуелді ұйымдар
Еншілес компанияларға берілген заемдар	-	-	6,294,476
Өзге қысқа мерзімді активтер	-	-	-
Акционердің пайдасына басқа актив	10	1,096,605	-
Басқа ұзақ мерзімді активтер	-	-	1,250,985
Алуға ұсынылған заемдар бойынша сыйақылар	-	-	26,289
Алуға ұсынылған дивидендтер	-	-	867,707
Байланысты тараптардың бағалы қағаздары	226,731	-	42,042,092
Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер	-	-	193,424
Кредиторлық берешек	-	4,699	-
Акционердің алдындағы міндеттеме	1,174,065	-	-
Заемдар	14	57,006,040	-

2017 жылғы 31 наурыздағы және осы күні аяқталған 3 айдағы жеке аралық қысқартылған есептілікке ескертпе

5. Байланысты тараптармен байланысты есеп жүргізу және операциялар (жалғасы)

Төменде 2016 жылдың 31 желтоқсанында байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және біріккен кәсіпорындар
Еншілес компанияларға берілген заем	-	-	6,313,014
Басқа қысқа мерзімді активтер	-	-	4,367
Дебиторлық берешек	-	-	-
Акционердің пайдасына өзге актив	1,096,559	-	-
Басқа ұзақ мерзімді активтер	-	-	1,211,193
Ұсынылған заемдар бойынша алуға сыйақылар	-	-	69,689
Алуға дивидендтер	-	-	2,436,470
Байланысты тараптардың құнды қағаздары	223,491	-	43,547,389
Басқа кредиторлық берешектер және аударылған міндеттемелер	-	8,064	234,388
Акционер алдындағы міндеттеме	1,174,065	-	-
Кредиторлық берешек	-	-	-
Заемдар	58,381,852	-	-

Төменде 2017 жылдың 31 наурызында аяқталған тоқсан үшін байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша табыстар және шығыстардың баптары көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және тәуелді ұйымдар
Дивидендтер бойынша табыстар	-	-	1,508,334
Қаржылық табыстар	3,240	-	1,083,231
Қаржылық шығыстар	1,275,311	-	1,639,000
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	10,249	112,379
Бағам айырмашылығы бойынша -нетто табыстар (шығыстар)	-	-	10,564

Төменде 2016 жылдың 31 наурызында аяқталған тоқсан үшін байланысты тараптармен операциялар бойынша табыстар және шығыстардың баптары көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және тәуелді ұйымдар
Дивидендтер бойынша табыстар	-	-	1,094,444
Қаржылық табыстар	3,240	80,355	3,891,312
Қаржылық шығыстар	1,392,721	-	2,365,625
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	22,791	-
Бағам айырмашылығы бойынша -нетто табыстар (шығыстар)	-	70,286	24,682

2017 жылдың 31 наурыздағы аяқталатын кезең үшін негізгі басшы персоналға берілетін жалақыдан, сыйақы мен басқа қысқа мерзімді сыйлықақылардан тұратын сыйлықақы 34,346 мың теңгені құрайды (2016 жылдың 31 наурызда аяқталған тоқсан үшін: 50,797 мың теңге). 2017 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша, негізгі басшы персонал 9 адамнан адамнан тұрады (2016 ж. 31 наурызда: 11 адам).

2017 жылғы 31 наурыздағы және осы күні аяқталған 3 айдағы жеке аралық қысқартылған есептілікке ескертпе

5. Негізгі құралдар

Төменде негізгі құралдардың баланстық құнының өзгерістері көрсетілген:

	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Барлығы
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>			
2016ж. 01 қаңтардағы құны	976,710	325 097	1,301,807
Жинақталған тозу және құнсыздану	(462,783)	-	(462,783)
2016ж. 01 қаңтардағы теңгерімдік құн	513,927	325 097	839,024
Түсімдер			
Жылжу	11,621	-	11,621
Тозу	(179,448)	-	(179,448)
Істен шығу	(103,891)	-	(103,891)
Негізгі істен шыққан құралдар бойынша шығынға жатқызу	53,338	-	53,338
2017ж. 01 қаңтардағы теңгерімдік құн	295,547	325,097	620,644
2017ж. 01 қаңтардағы құн	884,440	325,097	1,209,537
Жинақталған тозу және құнсыздану	(588,893)	-	(588,892)
2017ж. 01 қаңтардағы теңгерімдік құн	295,547	325,097	620,644
Түсімдер	27,298	157	27,455
Тозу	(41,179)		(41,179)
2017ж. 31 наурыздағы теңгерімдік құн	281,666	325,254	606,920
2017ж. 31 наурыздағы құн	911,738	325,254	1,236,992
Жинақталған тозу және құнсыздану	(630,072)	-	(630,072)
2017ж. 31 наурыздағы теңгерімдік құн	281,666	325,254	606,920

2017 жылғы 31 наурыздағы және осы күні аяқталған 3 айдағы жеке аралық қысқартылған есептілікке ескертпе

6. Материалдық емес активтер

Төменде материалдық емес активтердің теңгерімдік құнының өзгерістері көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Бағдарламалық жасақтама	Басқалар	Барлығы
2016 жылғы 1 қаңтардағы құн	1,001,146	449,669	1,450,815
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(253,405)	(94,666)	(348,071)
2016 жылғы 1 қаңтардағы теңгерімдік құн	747,741	355,003	1,102,744
Түсімдер	71,097	6,398	77,495
Амортизация	(123,537)	(41,778)	(165,315)
2016 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік құн	695,301	319,623	1,014,924
2016 жылғы 31 желтоқсандағы құн	1,072,242	456,067	1,528,309
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(376,941)	(136,444)	(513,385)
2016 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік құн	695,301	319,623	1,014,924
Түсімдер	74,175	-	74,175
Амортизация	(29,709)	(10,147)	(39,856)
2017 жылғы 31 наурыздағы теңгерімдік құн	739,767	309,476	1,049,243
2017 жылғы 31 наурыздағы құн	1,146,416	456,067	1,602,484
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(406,650)	(146,591)	(553,241)
2017 жылғы 31 наурыздағы теңгерімдік құн	739,767	309,476	1,049,243

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО»

2017 жыл 31 наурызындағы – шоғырланған есептемеге ескертпе

7. Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар

Төменде 2017 жылдың 31 наурызындағы инвестиция құны туралы ақпарат көрсетілген:

	Тіркелген ел	2017 жылдың 31 наурыздағы инвестиция құны, мың теңге	2017 жылдың 31 наурыздағы иелік ету үлесі
<i>а) Еншілес компанияларға салынған инвестициялар</i>			
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	Қазақстан	52,297,574	100%
«Алматы электр станциялары» АҚ	Қазақстан	30,212,480	100%
«АлматыЭгергСбыт» ЖШС	Қазақстан	136,003	100%
«Мойнақ СЭС» АҚ	Қазақстан	21,864,616	100%
«Бұқтырма СЭС» АҚ	Қазақстан	1,050,790	90%
«Шүлбі СЭС» АҚ	Қазақстан	1,230,658	92%
«Шардара СЭС» АҚ	Қазақстан	1,109,545	100%
«Өскемен СЭС» АҚ	Қазақстан	465,019	90%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	Қазақстан	2,739,234	100%
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	Қазақстан	338,272,063	100%
Қазгидротехэнерго ЖШС	Қазақстан	222,506	100%
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	Қазақстан	8,941,831	100%
«Ereumentau Wind Power» ЖШС	Қазақстан	1,357,890	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС	Қазақстан	53,150	100%
«Энергия Семиречья» ЖШС	Қазақстан	15,319	51%
<i>б) Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар</i>			
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	Қазақстан	41,759,543	50%
Forum Muider B.V.	Нидерланды	8,725,133	50%
<i>в) Қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар</i>			
«Балқаш ЖЭС» АҚ	Қазақстан	32,085,280	49,99%
<i>Шегерілген:</i>			
Инвестицияның құнсыздануы		(7,834,480)	
Инвестициялар жиыны		534,704,154	

Төменде 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша инвестиция құны туралы ақпарат көрсетілген:

	Тіркелген ел	2016 жылдың 31 желтоқсанына инвестиция құны, мың теңге	2016 жылдың 31 желтоқсанына иелік ету үлесі
<i>а) Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар</i>			
«Алатау Жарық Компаниясы»	Қазақстан	51,208,403	100%
«Алматы электр станциялары» АҚ	Қазақстан	30,212,480	100%
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	Қазақстан	136,003	100%
«Мойнақ СЭС» АҚ	Қазақстан	21,864,616	100%
«Бұқтырма СЭС» АҚ	Қазақстан	1,050,790	90%
«Шүлбі СЭС» АҚ	Қазақстан	1,230,658	92%
«Шардара СЭС» АҚ	Қазақстан	1,109,544	100%
«Өскемен СЭС» АҚ	Қазақстан	465,019	90%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	Қазақстан	2,739,234	100%
АҚ «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	Қазақстан	338,272,063	100%
Қазгидротехэнерго ЖШС	Қазақстан	222,506	100%
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	Қазақстан	8,809,618	100%
«Ereumentau Wind Power» ЖШС	Қазақстан	1,299,616	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС	Қазақстан	53,150	100%
«Энергия Семиречья» ЖШС	Қазақстан	15,319	51%
<i>б) Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар</i>			
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	Қазақстан	41,759,543	50%
Forum Muider B.V.	Нидерланды	8,725,133	50%
<i>в) Қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар</i>			
«Балқаш ЖЭС» АҚ	Қазақстан	32,085,280	49,99%
<i>Шегерілген:</i>			
Инвестицияның құнсыздануы		(7,834,480)	
Инвестициялар жиыны		533,424,495	

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО»

2017 жыл 31 наурызындағы – шоғырланған есептемеге ескертпе

7 Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)

Еншілес компаниялармен және бірлескен кәсіпорындармен жүргізілген операциялар мен қалдықтар 4-ескертпеде ашылған.

8. Берілген заемдар мен қаржылық көмек

	2017 ж.	2016 ж.
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 наурыз	31 желтоқсан
<i>Ұзақ мерзімді бөлігі</i>		
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ облигациялары	4,463,486	4,463,486
«Алматы электр станциялары» АҚ облигациялары	19,725,000	24,329,000
«МЭБК» АҚ облигациялары	1,199,505	1,198,337
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ берген заем	3,749,576	3,691,503
«Бірінші жел электр станциялары» ЖШС берген заем (БЖЭС)	1,531,033	1,651,325
«БЖЭС» ЖШС заемдары бойынша есептелген сыйақы	442,575	378,585
Барлық қаржылық активтер – ұзақ мерзімді бөлігі	31,111,175	35,712,236
<i>Қысқа мерзімді бөлігі</i>		
«Алматы электр станциясы» АҚ облигациялары	5,780,500	2,745,000
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ облигациялары	10,043,515	10,043,515
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ облигациялары	220,000	220,000
Облигациялар бойынша сыйақылар	836,818	771,542
Берілген заемдар бойынша есептелген сыйақылар	26,289	69,689
«Өскемен СЭС» АҚ-ға берілген қаржылық көмек	30,390	30,390
«Т.И: Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ға берілген заемдар	5,442	5,442
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ға берілген заем	90,000	180,000
«Энергия Семиречья» ЖШС-ға берілген заем	450,901	450,901
Басқалары	-	-
Құнсыздандуды шегергенде	(5,442)	(5,442)
Барлық қаржылық активтер – қысқа мерзімді бөлігі	17,478,413	14,511,037

9. Басқа ұзақ мерзімді активтер

	2017 ж.	2016 ж.
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 наурыз	31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар	2,200,000	2,200,000
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ға ұсынылған қаржылық кепілдер бойынша берешек	1,250,985	1,211,193
Басқа ұзақ мерзімді активтер	109,706	105,525
Барлық басқа ұзақ мерзімді активтер	3,560,691	3,516,718

10. Басқа қысқа мерзімді активтер

	2017 ж.	2016 ж.
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 наурыз	31 желтоқсан
Алу үшін дивидендтер	867,707	2,436,471
3 айдан 12 айға дейінгі банктік депозиттер	25,134,225	27,394,854
Өтеуіне ҚҚС және басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	18,672	66,144
Төленген аванстар	51,369	241,719
Болашақ кезеңдердің шығындары	109,734	634
Қызметкерлердің берешектері	29,170	54,129
Акционердің пайдасына арналған активтер	1,096,605	1,096,559
Өзге активтер	4,221	9,600
Барлық басқа қысқа мерзімді активтер	27,311,703	31,300,110

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО»
2017 жыл 31 наурызындағы – шоғырланған есептемеге ескертпе
10 Басқа қысқа мерзімді активтер (жалғасы)

Акционердің пайдасына арналған активтер

2014 жылы ҚР Акционерінің тапсырмасы бойынша Компания өзіне Астана қаласында 1,174,065 сомаға балабақшаны салу бойынша міндеттеме алды. 2017 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Компания 1,096,605 сомаға балабақша салумен байланысты зиян шекті. Бұл шығындар Акционердің пайдасына арналған ағымдағы активтер ретінде көрсетілді, өйткені бұл Активтер 2017 жылы ішінде Акционерге беріледі деп күтілуде

11. Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж. 31 наурыз	2016 ж 31 желтоқсан
Банк шоттарындағы ақша қаражаты– АҚШ доллары	5,577,359	876,408
Банк шоттарындағы ақша қаражаты– Еуро	7,177	27,593
Банк шоттарындағы ақша қаражаты– теңге	65,904	105,821
Банк шотындағы ақша қаражаты– рубль	2	2
Кассадағы ақша қаражаты	3,502	2,652
3 айға дейінгі жедел депозиттердегі ақша қаражаты– теңге	1,640,000	3,800,000
Барлық ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	7,293,944	4,812,476

2017 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қысқа мерзімді банктік салымдарға қатысты орташа өлшемді мөлшерлеме (3 айға дейінгі) теңгемен 9,5%-ды құрады (31.12.2016ж. – 10,5%)

2017 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша ағымдағы шоттардағы сыйақы мөлшерлемесі АҚШ долларымен 2%-дан 4,5 %-ға дейін ауытқыды (2015 ж. 2 %-дан 4,5%-ға дейін).

12 Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер

2016 жылы 23 қарашада Директорлар кеңесі Бейінді емес активтерді жекешелендіру туралы Үкімет қаулысына сәйкес бірқатар еншілес компанияларды сату жоспарын бекітті. 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, ШҚ АЭК, МЭБК, Ақтөбе ЖЭО, Тегіс Мұнай-ға салынған инвестициялар сатуға арналған Активтерге қосылды.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж. 31 наурыз	2016 ж 31 желтоқсан
<i>Еншілес компанияларға салынған инвестициялар</i>		
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	7,176,726	7,176,726
«ШҚ АЭК» АҚ	7,723,741	7,723,741
«Маңғыстау ЭБК» АҚ	785,297	785,297
«Тегіс Мұнай» ЖШС	15,541,748	15,496,516
Барлық сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	31,227,512	31,182,280

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО»
2017 жыл 31 наурызындағы – шоғырланған есептемеге ескертпе
13 Акционерлік капитал

	Эмиссия күні	Жарияланған және шығарылған акциялар саны ,	Құны, теңге	Акционерлік капитал, мың теңге
2016ж. 1 қаңтарына төленген капитал			5,585,437	355,650,405
Акцияның 15-эмиссиясы	2016 ж. 1 сәуір	10,964	1,000,044	10,964,483
Акцияның 16-эмиссиясы	2016ж. 14 шілде	2,239	1,340,000	3,000,260
Акцияның 17-эмиссиясы	2016ж. 23 тамыз	2,761	1,340,000	3,699,740
2016 ж. 31 желтоқсанында төленген капитал			5,601,687	373,314,888
2017 ж. 31 наурызда төленген капитал			5,601,687	373,314,888

2017ж. 31 наурызда шығарылған 5,601,687 жай акция толық төленді (2016ж.: 5,601,687 акция). Өрбір жай акция бір дауысқа құқығын береді. Компанияның артықшылықты акциялары жоқ.

2017ж. 31 наурызындағы жағдай бойынша, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Компанияның 100% акционері болып табылады (2016ж.: 100%)

14 Алынған заемдар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж. 31 наурыз	2016 ж. 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді бөлігі		
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-дан алынған заемдар	54,275,042	55,764,655
Ұзақ мерзімді банктік заемдар	14,072,000	10,670,000
Еурооблигациялар		
Барлық заемдар – ұзақ мерзімді бөлігі	68,347,042	66,434,655
Қысқа мерзімді бөлігі		
Қысқа мерзімді банктік заемдар	1,285,700	1,248,900
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-дан алынған заемдар	2,381,109	2,381,109
Еурооблигациялар	156,486,060	166,560,927
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-дан алған заемдар бойынша есептелген	349,890	236,088
Еурооблигациялар бойынша есептелген пайыздар	1,650,350	190,947
Банктік заемдар бойынша есептелген пайыздар	289,416	214,707
Барлық қысқа мерзімді бөлігі	162,442,525	170,832,678
Барлық заемдар	230,789,567	237,267,333

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО»
2017 жыл 31 наурызындағы – шоғырланған есептемеге ескертпе
14 Алынған заемдар (жалғасы)

Самұрық-Қазына

2010 жылы 17 наурызда Компания Forum Muider-ден 50% үлесін сатып алу нәтижесінде қайта қаржыландыру мақсатында САМҰРЫҚ-Қазынамен 48,200,000 мың теңге сомасына келісімге отырды. Қарыз жылдық 1.2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, 2029 жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей мерзімімен берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең өтеммен, ал пайыздар қарызды алғаннан кейінгі келесі есеп беру жылынан бастап жартыжылдық жарналармен төленеді.

2011 жылдың 14 қаңтарынан бастап Компания АЖК компаниясының қосалқа станциясын қаржыландыру мақсатында Самұрық-Қазынамен 7,000,000 мың теңгеге несиелік келісімге қол қойды. Заем жылдық 2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, 2024 жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей өтеу мерзімімен берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең өтеммен, ал пайыздар жартыжылдық жарналармен төленеді.

2014 жылдың 16 қаңтарында Компания ЕГРЭС-1-дегі қалған қатысу үлесін сатып алу мақсатында Самұрық-Қазынамен 200,000,000 мың теңге сомасына несиелік келісімге қол қойды. Негізгі соманы 2028 жылдың 1 желтоқсанында төлеу қажет, ал пайыздар жартыжылдық жарналармен төленеді. Бастапқы пайыздық мөлшерлеме 7.8%-ды құрады, заемды алған күнгі нарықтық мөлшерлеме жылдық 9.5%-ды құрады.

2014 жылы 3 қазанда, кредиттік келісім №369 кредиттік шартқа енгізілген толықтыруға сәйкес мынадай болып едәуір өзгерді:

- 100,000,000 мың теңге мөлшеріндегі негізгі қарыз сомасы Топтың акцияларына айырбасталды
- Негізгі қарыздың қалған сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 9%-ға дейін көтерілді, ол нарықтық пайыздық мөлшерлемеге сәйкес келеді.

2015 жылғы 25 желтоқсанда Компания Самұрық-Қазынамен пайыздық мөлшерлемені жылдық 1%-ға дейін азайту бойынша №369 кредиттік шартқа қосымша келісімге қол қойды. Басшылық заем шарттарында бұндай өзгерістердің болуы бастапқы заемды өтеу және жаңа заемды әділ баға бойынша мойындау ретінде ескерілуі тиіс деп санайды.

Заемды алу күніне нарықтық құны жылдық 12.8%-ды құрайды. Компания нарықтан төмен мөлшерлеме бойынша заемды берілген кезде Самұрық-Қазына Компанияның акционері ретінде әрекет ететіндіктен Компания өзге капиталдың құрамындағы пайдаға салынатын салық тиімділігін шегеріп, 72,581,903 мың теңге сомасындағы заемды алғашқы мойындаудан алынатын табысты мойындады.

Алынған заемнан түскен пайданы алғашқы мойындау алынған заемның номиналдық құны мен оның әділ құнының дисконтталған ақша ағындарының әдісін және жылдық 12.8% тиімді мөлшерлермесін пайдалана отырып есептелген мойындау күніндегі әділ баға арасындағы айырмашылық ретінде көрсетілді.

Банктік заемдар

Қазкоммерцбанк

2015 жыл ішінде «Қазкоммерцбанк» АҚ-мен 2015 жылғы 21 қазандағы №1610 кредиттік желіні ашу туралы келісім аясында айналым капиталын толықтыру мақсатында 5 жыл мерзіміне 10,000,000 мың теңге сомасында заем алынды, номиналды мөлшерлеме - 12%, тиімді мөлшерлеме - 12.7%.

«Сбербанк России» АҚ ЕБ

2016 жылы ішінде Компания 16.06.2017ж. төлеу мерзімі бір жылдық 14,5% мөлшерлеме бойынша 230,000,000 ресей рублі мөлшерінде заем, сондай-ақ 2018 жылғы 21 желтоқсанға дейін төлеу мерзімі бар жылдық 13% мөлшерлеме бойынша 670,000,000 теңге сомасында ұзақ мерзімді заем алды.

2017жылдың 1-тоқсанында «Сбербанк России» АҚ ЕБ-мен Кредиттік келісімге сәйкес Компания жылдық 13% мөлшерлеменен 2 жыл мерзімге 3,402,000 мың теңге сомада заем алды.

Облигациялар

2012 ж. 7 қыркүйегіндегі және 2012 ж. 6 желтоқсанындағы Директорлар кеңесі шешімінің негізінде Еурооблигацияның алғашқы эмиссиясының мынадай параметрлері бекітілді:

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО»**2017 жыл 31 наурызындағы – шоғырланған есептемеге ескертпе****14 Алынған заемдар (жалғасы)**

- Эмиссия көлемі - 500,000,000 АҚШ доллары;
- Эмиссия түрі – S қосымшасына сәйкес;
- Төлеу үшін вексельдер 5 жылдан кейін

Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 3.75% деңгейінде тіркелген (тиімді мөлшерлеме 3.85%). Шығарылатын облигациялардың саны мен түрі: қамсыздандырылмайтын 500,000 (бес жүз мың) облигация. Бір облигацияның номиналды құны 1,000 (бір мың) АҚШ долларын құрайды. Эмиссия 2012 ж. 20 желтоқсанда ISIN-XS0868359166 нөмірімен Ирландия қор биржасында тіркелді.

2012 ж. 19 желтоқсанда Қазақстан қор биржасы «Самұрқ-Энерго» АҚ-ны ISIN-XS0868359166 нөмірмен «рейтингтік бағасы бар қарыздық бағалы қағаздар» санатының ресми тізіліміне енгізді. Топ еурооблигацияның 500,000 мың АҚШ доллары көлемінде толық сомасын шығарып, орналастырды.

2016 жылғы 31 желтоқсанда Еурооблигациялар облигацияларды өтеу мерзімі – 2017 жылғы желтоқсанда болғандықтан, қысқа мерзімді заемдар ретінде жіктелді.

15 Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер

Қазақстан теңгесімен, мың	2017 ж. 31 наурыз	2016 ж. 31 желтоқсан
Өнім берушілер мен мердігерлерге берілген кредиторлық берешек	356.458	234,230
Тендерге қатысқаны үшін кепілді міндеттеме	159.735	158,820
Басқа кредиторлық берешек	598.425	514,748
Барлық қаржылық кредиторлық берешек	1,114,618	907,798

16 Қаржы кепілдері

2017 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелерде Компания «Бірінші жел электр стнациясы» ЖШС және «Шардара СЭС» АҚ алған заемға берілген кепілдерді көрсетеді. Алғашқы тану кезінде әділ құн қарыз алушы Компаниямен және пайыздық мөлшерлемен қамтамасыз етілген кредит алғанда пайыздық мөлшерлеме арасындағы айырмашылықты көрсететін кепілмен өтелген сомаға пайыздық мөлшерлемені қолдану нәтижесінде алынған сома ретінде анықталды, ол Компания кепіл бермеген жағдайда қолданылатын еді. Кепілдің құны еншілес ұйымға инвестиция ретінде қарастырылады.

17 Әкімшілік шығыстар

Қазақстан теңгесімен, мың	2017 ж. 1-тоқсан	2016 ж. 1-тоқсан
Жалақы және онымен байланысты шығыстар	580,518	655,361
Консультациялық және басқа қызметтер	315,687	110,807
Жалға алу бойынша шығыстар	81,482	88,379
НҚ тозуы және МЕА амортизациясы	81,035	85,570
Салықтар	106,375	75,593
Иссапар шығындары	12,996	23,166
Қызметкерлерді оқыту және оған байланысты шығыстар	6,152	9,959
Сақтандыру	9,511	11,050
Өзге	175,223	173,653
Барлық әкімшілік шығыстар	1,368,979	1,233,538

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО»
2017 жыл 31 наурызындағы – шоғырланған есептемеге ескертпе
18. Қаржыландыру бойынша табыстар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж. 1-тоқсан	2017 ж. 1-тоқсан
Берілген қарыздар бойынша дисконттың амортизациясы	58,073	68,675
Банктік депозиттер бойынша пайыздық табыстар	220,102	425,373
Берілген заемдар бойынша пайыздық табыстар	98,990	191,374
Облигациялар бойынша пайыздық табыстар	779,206	886,781
Облигациялар құнын индекстеуден түскен табыстар	70,500	2,736,343
Беріткен қаржылық кепілдіктерден түскен табыстар	78,534	91,732
Берешекті индекстеуден түскен табыстар	-	95,199
Өзге	5,349	5,421
Барлық қаржылық табыстар	1,310,754	4,500,898

19. Қаржыландыру бойынша шығыстар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж. 1-тоқсан	2016 ж. 1-тоқсан
Заемдар бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы	908,027	1,017,415
Заемдар бойынша сыйақы шығыстары	782,502	1,093,389
Шығарылған облигациялар бойынша сыйақы	1,485,516	1,655,656
Облигациялар құнын индекстеуге байланысты шығыстар	1,639,000	2,365,625
Өзге	10,205	198,001
Барлық қаржылық шығыстар	4,825,250	6,330,086

20 Табыс салығы

Табыс салығы депозиттер бойынша негізгі төлем көзінен ұсталатын салықты білдіреді. Компания болашақта салық салынатын пайда алуды күтпейді.

21. Қаржылық құралдардың әділ құны

Әділ құнды бағалау

Әділ құн мүдделі бағалау күніне қатысушылар арасында ерікті негізде операциялар жүргізген кезде міндеттемелерді беру кезінде төленуі немесе активтерді сатқан кезде алынуы мүмкін баға. Әділ құнның ең дұрыс расталуы белсенді нарықта баға белгілейтін бағасы болып табылады. Белсенді нарық дегеніміз – активі немесе міндеттемелері бар операциялар тұрақты негізде бағалар туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін, жеткілікті деңгейде және жеткілікті көлемде жүргізілетін нарық.

Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархияның деңгейлері бойынша былайша бөлінеді: (i) 1-ші деңгейге ұқсас активтер немесе міндеттер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (бағасы белгіленбейтін) құн бойынша бағалар жатқызылады, (ii) 2-ші деңгейге – барлық пайдаланылатын елеулі бастапқы деректер актив немесе міндеттеме үшін тура немесе жанама қадағаланатын болып табылатын бағалау әдістерінің көмегімен алынған (яғни, мысалы бағалар), және (iii) қадағаланатын нарықтық деректерде негізделмеген бағалар болып табылатын 3-ші деңгейлі бағалар (яғни, қадағаланбайтын бастапқы деректерде негізделген).

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО»

2017 жыл 31 наурызындағы – шоғырланған есептемеге ескертпе

21. Қаржылық құралдардың әділ құны (жалғасы)

Компанияның барлық қаржылық құралдары амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Олардың әділ құнның 3-ші иерархиясы деңгейіндегі әділ құны ақша қаражатының дисконтталған ағынының әдісі көмегі арқылы бағаланды.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер

Тіркелген пайыздық мөлшерлемелі құралдарды бағалаудың әділ құны өтеуге дейінгі мерзімі мен ұқсас несиелік тәуекелдері бар жаңа құралдар үшін әрекет ететін, пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған, бағаланатын ақша ағымын алуға күтілетін сомалар негізінде анықталады. Дисконттаудың қолданылған нормалары контрагенттің несиелік тәуекеліне тәуелді. Қаржылық дебиторлық берешектің, ақша қаражаттарын және олардың эквиваленттерін және басқа қаржылық қысқа мерзімді активтерінің баланстық құнын өтеу мерзімінің қысқа мерзімділігіне байланысты, шамамен оның әділ құнына тең.

Амортизациялық құн бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер

Тіркелген пайыздық мөлшерлемесі және белгіленген өтеу мерзімі бар құралдардың бағаланатын, нарықтық бағасы белгіленбеген әділ құны ұқсас несиелік тәуекелдері мен өтеу мерзімі бар жаңа құралдар үшін әрекет ететін пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, бағаланатын ақша ағымына байланысты анықталады. Қаржылық кредиторлық берешектің баланстық құнын өтеу мерзімінің қысқа мерзімділігіне байланысты, ол шамамен оның әділ құнына тең.

Төменде әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша әділ құн талдауы және әділ құн бойынша бағаланатын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны келтірілді.

<i>Қазақстан</i> <i>теңгесімен, мың</i>	31 наурыз 2017 ж.				31 желтоқсан 2015 ж.			
	1-деңгей Әділ құн	2-деңгей Әділ құн	3-деңгей Әділ құн	Теңгерімді к құн	1-деңгей Әділ құн	2-деңгей Әділ құн	3-деңгей Әділ құн	Теңгерімді к құн
АКТИВТЕР								
Ақшалай қаражат және олардың эквиваленттері	-	-	7,293,944	7,293,944	-	-	4,812,476	4,812,476
Тіркелген мерзімі бар депозиттер	-	-	25,134,225	25,134,225	-	-	27,394,854	27,394,854
Қаржылық дебиторлық берешек	-	-	-	-	-	-	-	-
Алу үшін дивидендтер	-	-	867,707	867,707	-	-	2,436,471	2,436,471
Берілген заемдар	212,372	-	48,369,587	48,589,587	212,098	-	50,003,373	50,223,373
Барлық қаржылық активтер	212,372	-	81,665,463	81,885,463	212,098	-	84,647,173	84,867,173
Міндеттемелер								
Заемдар	157,528,786	-	83,535,173	230,789,567	167,789,851	-	65,786,858	237,267,334
Қаржылық кредиторлық берешек	-	-	1,185,519	1,185,519	-	-	907,796	907,796
Берілген қаржылық кепілдіктер	-	-	1,422,378	1,422,378	-	-	1,432,273	1,432,273
Барлық қаржылық міндеттемелер	157,528,786	-	86,143,070	233,397,464	167,789,851	-	68,126,927	239,607,403

22 Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар

2017 жылы 12 сәуірде «Алматы электр станциялары» АҚ индекстелген құны бойынша 2,565,000 мың теңге сомасында үшінші шығарылымдағы облигацияларды өтеді.